

Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 268 "Түркістан облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 19 қарашадағы № 244 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 қарашада № 37452 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес, Түркістан облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Түркістан облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 268 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 25706 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. "Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысының әкімі

Н. Кушеров